



KAZAKH INTERNATIONAL UNIVERSITY
OF INTERNATIONAL RELATIONS AND
WORLD LANGUAGES

поздр. ректора с Новым 2017 ГОДОМ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығы мен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 75-жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық даму бағыттары: бүгінгі мен болашағы» атты халықаралық жастар форумы Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ-де 2016 жылдың 30 қарашасында өтті. Шараның ұйымдастырушысы - Экономика және Құқық факультеті.

Форумға университеттің студенттері, магистранттары мен докторанттары, Қазақстан Республикасының 10 жоғарғы оқу орнынан 29 өкіл, сондай-ақ Ресей, Қырғыз

Республикасы, Оңтүстік Корея, Германия, Қытай Халық Республикасы және Түркия елдерінің делегациялары қатысты.

Форум мақсаты - ғылыми ойды қолдау мен дамыту, жастардың ғылыми ізденістердегі белсенділігі мен шығармашыл басталамаларын арттыру.

Жастар форумы аясында «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі. Мәңгілік ел - идеядан шынайылыққа» тақырыбында Дөңгелек үстел өтті. Қатысушылар Қазақстан Республикасындағы адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарын конституциялық реттеу, заманауи халықаралық және ұлттық құқық дамуындағы өзекті үрдістер, мемлекеттік басқаруды дамытудағы заманауи үрдістер (жобалық, инновациялық және әлеуметтік менеджмент), қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси міндеттерін жүзеге асырудағы маркетингтік стратегиялар, ҚР өндіріс орындарының бәсекеге қабілеттілігі, халықаралық саясаттағы, Орталық Азияның интеграциялық процестеріндегі Тәуелсіз Қазақстанның рөлі, халықаралық коммуникациялар және туризм мәселелерін талқылады.

Форум жұмысының нәтижесі бойынша Қаулы қабылданып, ғылыми мақалалар жинағы жарық көрді.

Құлғаева С.С.,

Халықаралық коммуникация кафедрасының
аға оқытушысы





ҚР тәуелсіздігіне 25 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Тәуелсіздігім – шаңырақ болса, тұғыры – кереге мен уық. Бір шаңырақ астына жиналған елім, сол тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойлау үстінде.

Тәуелсіздік қазақ халқы үшін қатардағы жай түсінік емес, бұл қазақ халқының тарихи болмысындағы аңсаған арманы.

Тәуелсіздік үшін күрес сонау сақ-ғұн заманында ата-бабаларымыздың азаттық жолында алпауыт Парсы мен Хань империясына қарсы тұрған кезден басталды. Көшпелі ата-бабамыз өз өркениеті мен мәдениетінің болмысын сақтап, өз мемлекеттілігін қалыптастырды. Мемлекеттілік қазақ халқы үшін 1991 жылы алғаш туындаған жаңалық емес, бұл жылы біз өзіміздің мемлекеттілігімізді жаңғырттық, тәуелсіз ел болдық.

Қазақ хандығы дәуірі – қазақтың ұлттық егемендігі мен тәуелсіздігінің шарықтаған шыңы. Жәнібек пен Керей, Қасым мен Хақназар, Тәуекел мен Есім хандардың жетекшілігімен халқымыз 300 жылдық тәуелсіз хандық дәуірінде өмір сүрді. Алайда, XVIII ғасырдағы қазақ тарихы ел тағдыры үшін шешуші сәттерге толы, қайғылы да қасіретті кезең болды. Жан-жақтан қысымға алынған Қазақ хандығы Ресей бодандығын қабылдады.

Ресей отаршылдығы мен кеңестік дәуірлерде халқымыз тәуелсіздік жолындағы 300 жылдық ұлы күресі мен қажырлы еңбегінің арқасында бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізді. Тек кейінгі екі ғасырдың ішінде халқымыздың өз бостандығы жолында Ресей империясы мен басқа да отаршылдарға қарсы көптеген көтерілістерге шыққаны – халқымыздың тәуелсіздікке ұмтылысының айқын дәлелі. Тарихымыздағы Сырым мен Исатайдың, Кенесары мен Жанқожаның ұлт-азаттық күрестері, қазақ халқының болашағы үшін жан азабына түскен Алаш зиялыларының күресі, Желтоқсанда қазақтың болашағын аңсаған қазақ жастарының алаңға шығуы – тәуелсіздік жолындағы күрес айғағы.

Тәуелсіздік тұғырының нығаюына елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қосқан үлесі зор. Президентіміздің басшылығымен еліміз әлемге танымал, қарқынды дамып келе жатқан мемлекетке айналды.

Тәуелсіздік – ата-бабамыздан мирас болып қалған ұлы құндылықтарымызды: ділімізді, тілімізді, дінімізді жаңғыртуға мүмкіндік берген асыл қазына. Ол бақта өскен гүл секілді, әрқайсымыздың нәр себуімізді талап етеді.

Еліміздің болашағы жастардың, яғни, біздің қолымызда!

Біз, жастар, өз еліміздің өркендеуіне үлес қосу үшін бар күш-жігерімізді салуға міндеттіміз!

Егемен мемлекетіміздің тамыры тереңдеп, тәуелсіз еліміздің шаңырағы берік болсын!!!

Габдуллина Кәмшат,
Менеджмент және халықаралық
коммуникация факультеті, 101-топ, Туризм

МЕН ЕЛІМДІ МАҚТАН ЕТЕМІН

Қазақстан тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет атанғалы да 25 жыл өтіпті. Осы аз ғана уақыт, еліміздің қол жеткізген жетістіктері қазақ елінің тарихына айналып та үлгерді. 25 жыл деген уақыт мемлекеттің қалыптасуы, өркендеуі үшін өте аз уақыт. Бірақ еліміз осы қысқа мерзімде қиындықтарды жеңіп, талай жетістіктерге қол жеткізді, тіпті бүкіл әлемге танылып та үлгерді.

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Тәуелсіздікке жету жолында ата-бабаларымыз қаншама тер төккен еді десеңізші?! Батыр бабаларымыз осы қасиетті жерімізді, ана тілімізді сақтап қалу үшін жандарын аямады.... Мысалы, Сырым Датұлы, Исатай мен Махамбет бастаған және т.б. көтерілістерінің басты мақсаты – азаттық, тәуелсіздік еді. Сөйтіп, батыр бабаларымыз осындай ұлан-байтақ жерімізді, асыл мұраларымызды ұрпақтарына – бізге аманат етіп қалдырды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы кезеңде, әрине қиындықтар көп болды. «Енді қалай өмір сүреміз?» деген сұрақтар да туындады. Дүкен сөрелерінде азық-түлік болмай, ұзын кезектер болған еді. Халық еңбекақыларын айлап ала алмайтын, қиналатын. Уақыт өте келе халықтың жағдайы жақсара түсті. Жаңа астана, көркем қала – Астана салынды. Қазақстанның барлық аймағында тұрғын-үйлер, мектептер, балабақшалар көптеп бой көтерді. Еліміз спорт, өнер саласында үлкен жетістіктерге жетіп, бүкіл әлемге танылды. Біз осыны мақтан етіп, мұның барлығы тәуелсіздіктің арқасында екенін түсініп, қадірін білуіміз керек.

Менің ойымша, еліміздің бұдан да жақсы өркендеуі үшін, ғылым мен техниканы және ауыл шаруашылығын әлі де дамытуымыз керек. Ең бастысы, сапалы білім беруге көп мән беріп, халықтың денсаулығын жақсарту үшін дұрыс, табиғи азық-түліктер өндірілуі тиіс. Ал оқушылар мен студенттер болашақта жақсы азамат, білімді де білікті маман болып шығуы үшін көп оқуы қажет. Әр адам өз елінің патриоты болып, туған жерінің табиғатын, мемлекеттік рәміздерін, мемлекеттік тілін қадірлеп, өмірдің барлық саласында: тұрмыста, қоғамдық орындарда, көлікте т.б. жерлерде қолданылуына өзінің үлес қосуы қажет деп ойлаймын. Осыған байланысты Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым Халел Досмұхамедовтың: «Тіл — жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» деген пікірін есте ұстауымыз керек деп ойлаймын.

Мен тәуелсіз елімді, ана тілімді құрметтеймін және мақтан етемін.

Габдұл-Мүтәліп Салтанат,
Шет тілі: екі шетел тілі, 111-топ

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАРЛЫҒЫМЫЗ ҮШІН ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМ

Қазақстан – тәуелсіз ел. Еліміздің басынан азап та, аштық та, қайғы да, қуанышта өтті. Әсіресе, соғыс жылдары қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың тірегі, күші, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар! Қазақ халқы сол арманға қазіргі таңда жетіп отыр.

1991 жыл – еліміздің Қазақстан деген атпен әлемге әйгілі болған жылы. Қазақстан осы 25 жылда мақтанарлықтай беделге ие болды. Жас мемлекетіміз осындай аз уақыт ішінде экономикалық, саяси және әлеуметтік салада үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бері еліміз елеулі табыстарға жетті. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет болғанымен, басқа елдерден әлдеқайда алда. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес. Бұл күнге қазақ халқы аңсап, зарығып жетті.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік – барлығымыз үшін қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халықтың бақыты.

Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономиканы нарықтық жағдай ыңғайына қарай дамыту болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің алға қойған мақсатымыз болуы тиіс!

Габдулханова Зауре
Шет тілі: екі шетел тілі, 112-топ



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ПАТРИОТЫМЫН!

«Тәуелсіз Қазақстан!», «Қазақстан Республикасы!» Неткен керемет, киелі ұғымдар! Бұл ұғымдардан Отанымыздың тәуелсіз, еркін мемлекет екенін бірден аңғаруға болады. Бүгінде біз – қанатын кеңге жайған егеменді елміз. Көк туымыз желбіреп, әнұранымыз асқақтай шырқалуда. Тәуелсіздік туының желбірегеніне де, міне, 25 жыл толады. Тоғыз жолдың торабындағы алпауыт елдер қатарындағы мемлекетімізді әлем жұртшылығы құрметтейді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның 25 жылда биік тұғырға көтерілуіне елеулі үлес қосты. Ерен еңбегімен Қазақстанның әр азаматының жүрегінен орын алған осындай көшбасшымыздың болғанына да мақтанамын.

Н.Ә.Назарбаев: «Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!» деп айтқандай, біздер, жас ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі партада отырған оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу.

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін!» - деп өршіл ақын М.Жұмабаев болашаққа, жастарға үлкен сенім артты емес пе? Ақынның өлеңде келтірген көркем сөздеріне лайық болатынымызға сенемін. Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Оған негіз – бүгінгі жас ұрпақтың, біздің бүгінгі әдемі әрекеттеріміз, ұтымды ұмтылыстарымыз. Мен қазақ болып туылғанымға, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқанымға бақыттымын. Өйткені, мен Тәуелсізбін, тәуелсіз елдің патриотымын!

Ағабек Сымбат,
Экономика және құқық факультеті,
141-топ, Экономика

БІЗДІҢ ҚАЗАҚ

Т-әнті қылып талайды,
Ә-ркім бақытқа балайды,
У-ығына ту тіккен
Е-лім менің арайлы.
Л-езде жасап жұмысты,
С-аған қызық бұл ісі.
І-лтипатпен сый беріп,
З-улап өсер тұрмысы.
Д-амып, өніп, ізбенен,
І-лім, білім іздеген
К-өк аспанға ту тіккен.
К-уә бол қазақ біз деген,
Е-л өркендеп дамыды.

Ж-аңалық осы жағымды.
И-немен қазып құдықты.
Ы-рысы лезде дарыды.
Р-ахымы тиіп Алланың,
М-олшылық болды алғаның.
А-зат ел болып аттанып,

Б-ақыттан көкке самғадың.
Е-сімін мәңгі ән қылып,
С-енімді жаса таң қылық.

Ж-амандық деген атауды
Ы-сырып таста мәңгілік.
Л-айықты қазақ шапанға,

Қ-ора-қора атанға,
Ұ-лы батыр, қызы өжет,
Т-әуелсіз елміз жапанға.
Т-алабы асу алады,
Ы-рысы қамал салады,

Б-асына келсе қуаныш
О-лжалы болып қалады.
Л-ебізі ыстық, азатпыз
С-онда да біздер аз-ақпыз
Ы-рысы қонған басына
Н-амысы биік қазақпыз!

Ауданбаев Ердаулет,
Менеджемент және халықаралық коммуникация
факультеті, 107-топ, Журналистика

